

1995 жылға арналған республикалық бюджетте қалалық қоғамдық көлікті дамытуға көзделген қаражатты бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жыл 16 қазандағы N 1332

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 U952120_ Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 U952371_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 тамыздағы N 1120 P951120_ қаулысын орындау, қалалық қоғамдық көліктің жұмысын нысаналы қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылға арналған республикалық бюджетте қалалық қоғамдық көлікті дамытуға көзделген соманы жергілікті бюджеттерге беріп, оны кейін қосымшаға сәйкес республикалық бюджетпен өзара есеп айырысу шотына жатқызсын.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бөлінетін қаржының жолаушылар көлігінің залалын өтеуге және жылжымалы құрам паркін жаңғыртуға мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне аталған мақсатқа жұмсалатын соманың шегінде автобустар, троллейбустар және трамвайлар сатып алуына тапсырыс берілсін.

1996 жылдан бастап қалалық жолаушылар көлігінің жұмысына

байланысты шығындарды дербес қаржыландыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің тапсырыстары негізінде республикадағы қалалық жолаушылар көлігі кәсіпорындарын пайдаланудың техникалық мүмкіндіктерін ескеріп, тиісінше маркалардағы жылжымалы құрамды орталықтандырып сатып алуға арналған келісімдерді (контрактыларды) ресімдеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 16 қазандағы
N 1332 қаулысына
қосымша

Қалалық қоғамдық көлікті дамытуға
арналған қаражатты
Бөлу

Облыстар	Қаражат сомасы (миллион теңге)
Ақтөбе	80
Алматы	40
Ақмола	30
Атырау	40
Шығыс Қазақстан	110
Жамбыл	50
Жезқазған	40
Батыс Қазақстан	40
Қарағанды	120
Қызылорда	30
Көкшетау	40
Қостанай	80
Маңғыстау	40
Павлодар	110
Солтүстік Қазақстан	40
Семей	40
Талдықорған	30
Торғай	10
Оңтүстік Қазақстан	130
Алматы қаласы	400
Жиыны	1500
Резервтік қор	500
Барлығы	2000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК